

## 2021 – 2022 оқу жылы

Келісемін:

Директордың оқу ісі

жөніндегі орынбасары:

Жолдасова - Ж.Жолдасова

«03» 09.2021жыл

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Жалиева Ж.Калиева

«04» 09 2021

«Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі»  
мемлекеттік мекемесі 2021 – 2022 оқу жылындағы  
дene шынықтыру пәнінің мұғалім Жұмабаев Нұрдәuletтін  
шахматтан үйірме жоспары.

**«Шахмат» үйірмесінің  
күнтізбелік-тақырыптық сабактар жоспары**  
**34 сағат, аптасына 1 сағат**

<b>№</b>	<b>Сабак тақырыбы</b>	<b>Сабактың мақсаттары</b>	<b>сағат саны</b>	<b>мерзімі</b>	<b>қосымша материал</b>
1	Шахмат ойынының тарихы	Шахмат ойынының тарихымен танысады	1	08.09	Әдеп әліппесі
2	Шахмат тақтасы және нотация	Шахмат тақтасы және нотация туралы біледі	1	09.09	
3	Шахмат ойынының мақсаты	Шахмат ойынының мақсатымен танысады	1	16.09	
4	Шахмат фигурандары мен пешкілері	Фигурандар мен пешкілерді біледі	1	23.09	
5	Король (падишах) фигурасының жүрісі	Король фигурасының жүрісін біледі	1	30.09	
6	Ферзь (уазір) фигурасының жүрісі	Ферзь фигурасының жүрісін біледі	1	07.10	
7	Ат фигурасының жүрісі	Ат фигурасының жүрісін біледі	1	14.10	
8	Пешкі фигурандарының жүрістері	Пешкілердің жүрісі туралы біледі	1	21.10	
9	Рокировка жасау	Рокировака жасауден танысады	1	28.10	
10	Шах туралы	Шах туралы біледі	1	04.11	
11	Пат туралы	Пат туралы біледі	1		
12	Мат туралы	Мат туралы біледі	1	11.11	
13	Фигурандар мен пешкілердің бағасы, күші туралы	Фигурандар, пешкілер бағасы, күші туралы біледі	1	18.11	
14	Шахмат фигурандары мен пешкілердің өзара байланысы	Фигурандар мен пешкілердің өзара байлансын біледі	1	25.11	
15	Шахмат партияларын жазу	Шахмат партияларын жазумен танысады	1	02.12	
16	Жол қуалап жазу	Жол қуалап жазу дегенді біледі	1		
17	Шахмат ойынының барысы	Ойынының барысымен танысады	1	09.12	
18	Шахмат ойынының негіздері	Ойынының негіздерін біледі	1	21.12	
19	Шахмат ойынының стратегиясы мен тактикасы	Стратегиялар мен тактикалармен танысады	1	28.12	
20	Фигурандар мен пешкілерді орталық аланда топтастырып ойнау және орталық алан үшін күрес	Орталық алан үшін күрес үғымымын танысады	1	13.01	
21	Фигурандарды орналастырудың кейбір ерекшеліктер	Фигурандарды орналастырудың ерекшеліктерімен танысады	1	20.01	
22	Шахмат партиясын қалай бастау керек?	Партияны қалай бастау керектігін біледі	1	27.01	
23	Дебюттің принциптері мен міндеттері	Дебют принциптерімен, міндеттерімен танысады	1	03.02	
24	Орталық шаршылардың дебюттегі ролі	Орталық шаршылардың дебюттегі ролін біледі	1	10.02	
25	Пешкілер мен артық жүрістер жасау-пайдасыз	Пешкімен артық жұрыс жасамау керектігін біледі	1	17.02	
26	Дебюттегі ширак кимылдар	Дебюттегі ширак кимыл жасай былуді үйренеді	1	24.02	

27	Қысқа партиялар	Қысқа партиялар ойнайды	1	03.03	
28	Қысқа партиялар	Қысқа партиялар ойнайды	1	15.03	
29	Қысқа партиялар	Қысқа партиялар ойнайды	1	31.04	
30	Шахмат ойынындағы есептер және этюдтер	Ойындағы есептер мен этюдтерды біледі	1	07.04	
31	Шахмат ойынындағы есептер және этюдтер.	Ойындағы есептер мен этюдтерды біледі	1	14.04	
32	Шахмат ойынындағы есептер және этюдтер. Екі жүрісте мат	Ойындағы есептер мен этюдтерды біледі	1	05.05	
33	Шахмат ойынындағы есептер және этюдтер. Екі жүрісте мат	Ойындағы есептер мен этюдтерды колданады	1	12.05	
34	Шахмат ойынындағы есептер және этюдтер. Үш жүрісте мат	Ойындағы есептер мен этюдтерды коданады	1	19.05	

## Түсінік хат

Шахмат ойынын такта үстіндегі соғыс деуге болады. Онын кәдімгі соғыстан айырмашылығы-бұл соғыстың командирлері ойнаушы да, ал оның солдаттары такта үстіндегі фигурандар. Ойнаушылардың біреуінің фигурандары - ак, екіншісінікі - кара. Фигурандар өздерінің тұрған орындарына карай әр түрлі қызмет аткарады.

Шахмат ойыны тұнғыш рет Индияда шықкан. Бірақ оның қай кезде шыкканы туралы накты дерек жок. Дегенмен араб, иран, үнді жазушыларымен тарихшыларының шығармаларынан бұл жөніндегі мәліметтер көп кездеседі. Олардың барлығында да шахмат ойыны қалыптасқан. Әмірге сіністі ойын ретінде көрінеді.

Біздің заманымызға жеткен шахмат ойынын терминалогиясын (атауларын) алып карасак, ол түгелдей дерлік иран тілінен алынғаны байкалады. Мәселен, «шах-мат» деген сөздің өзі екі түбірден құрылады. Шах-король (падиша), мат –өлді деген ұғым береді. Сонда бұл ойын қазақша «патша өлді» деп аталмак екен. Бірақ әр ел шахмат ойының тарау, даму эволюциясына байланысты өзіндік атауларды да косып отырған. Мәселен, шахмат ойынында піл (слон) деген фигура бар. Бұл фигураның казіргі кездегі формасында пілге еш ұқсастығы жок. Дегенмен, біз ол терминологияны өзгертпейміз. Онын себебі бұл фигура бір кезде шынында да піл формалас болған. Бара келе оны жасау, такта үстінде пайдалану онша тиімді болмағандықтан, оның сырт формасы ғана өзгерген. Енді осы «піл» деген қазақ сөзінін тарихына сөз жіберсек, ол парсының«phil» деген сөзінен келіп шыққан. Пілді, мәселен, латынша «alphies» немесе «alfinus», испанша «alfil» дейді. Бұл сөздердің осыншама ұксас болуының себебі бастапқы негізінің бірлігінен. Бірақ, бұл елдерге «піл» деген сөз парсы тілінен емес, араб тілінен аудысқан. Оны сөз алдындағы «al» (арап тіліндегі граматикалық қосымша) қосымшасы дәлелдеп тұр. Сол сиякты шахмат ойынындағы батыл фигура ферзь (уәзір) иранның «frazin» деген сөзінен шыкканы айқын.

Шахмат ойынының тұнғыш аты - чатуранга. Бұл үнді тілінде төрт мүше деген ұғым береді. Төрт мүше – төрт мүшелі әскер деген сөз. Бұған сол кездегі соғыс арбасы, піл, атты әскер, жаяу әскер кіретін болған. Чатуранга сөзінен барып арабтың чатрандж сөзі келіп шықкан. Қазақ тілінде кездесетін шатраш сөзінің тарихы да осы болуы айдан анық.

Бағдарлама 6-17 жас аралығындағы балаларға арналған.

**Бағдарламаның тиімділігі** – уақыт талабымен сәйкес. Жеке тұлғаны жетілдіру киын мәселе болғандықтан, шахматты үйретудің құрылымы мен мазмұны мақсатқа бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді. Сабактан тыс білім беру жүйесінде шахматты үйрету жүйесі оқушылардың жеке кабілеттіліктерін айқындалап, жетілдіре отырып онын тұлға ретінде жалпы жетілуі мен тәрбиесіне бағытталады

Бағдарламаның ерекшелігі балаға даралап білім беруге бағытталғандығында. Ол бағдарламаға енгізілген және екі негізгі бағыт алады. Алдымен әр шахмат ойнаушының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеуде, екіншіден әр тәрбиеленушінің өмірге көзқарасы, жағдаяттарды шеше білуі есепке алынады. Баланың жеке қасиеттерін табиғи, физикалық және психологиялық қасиеттерін білуді талап етеді.

Бағдарламаның жаңалығы мұғалімнің сабактарда қолданатын балалардың жеке және жалпы логикалық ерекшеліктерін жетілдіретін дидактикалық материалдарын (карточкалар, шахматтық этюдтар және тапсырмалар) әзірлеуінде, зерттеу әдісін қолдануында (шахматтың шығу тарихы туралы рефераттар мен баяндамалар жазуында). мектептің материалдық жағдайын ескере отырып оку-такырыптық жоспарын күруда.

**Бағдарламаның мақсаты:** шахмат сабағы арқылы шығармашыл, дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

**Бағдарламаның міндеттері:**

Білім беру:

- Шахматтың шығу тарихымен таныстыру;
- Ойын ережелерін үйрету;
- Оқушыларға шахмат ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелері мен таныстыру.

Жетілдіру:

- Тұлғаның логикалық ойлаудын, есте сақтаудын, орнықтылығын жана баска да жағымды қасиеттерін жетілдіру;
- Төзімділігін, өз-өзіне және қарсыласына сынмен караудын;
- Логикалық ойлаудың әлемі мен бейнелеп ойлаудың сұлупының бойларатып, қоршаған орта туралы елесін көнектізу;

Тәрбиелік:

- Айналасына ұқыптылықпен карау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру;
- Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;

Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

## **Оқушылардың пәндік құзырлылығы:**

### **1. Техникалық, оқушылардың**

- Жаттығу ойындарында, мектепішілік, аудандық шахмат сайыстарына катысуында;
- Ойын барысында шахматтық есептер мен этюдтарды шешу барысында калыптасатын іс-әрекеттері.

### **2. Интеллектуалдық, оқушылардың**

- Ойынға сараптама жасауымен;
- Арнайы әдебиеттерді окуымен;
- Үздік ойыншылардың ойындарын караталдауымен қалыптасатын іс-әрекеттері.